

Білім магистрі, бастауыш сынып мұғалімі
Досанова Б.Ж.

«№ 4 Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ, Сәтбаев қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУ ЕҢБЕГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
КЕЗІНДЕГІ ИКЕМДІЛІКТЕР

Жалпы оқу икемділіктері мен машықтарының қалыптасуына әсер ететін жағдайларға қықша тоқталып өтейік. Мұнда ең бастыыс – мұғалімнің жек басының үлгісі. Өйткені, ұстаз өз шәкірттерін білімге ғана баурап қоймай, оларға өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы, киінуі, сөйлеуі жағынан да ықпал етуге тиіс. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларына мұғалімнің жан-дүниесі әсер етеді. Олар өз ұстаздарына еліктейді, үлкендерге еліктеу – бала мінезінің қалыптасуына әсер ететін ең басты күш.

Біз мектебіміздегі әдістемелік бірлестіктер жиналысында, сабаққа талдау жасаған кезде оқушылардың жалпы оқу икемділіктерін тез қалыптастыруға мүмкіндік беретін жайттарды анықтадық. Біздің пікірімізше, мұғалімнің бұл жүйені меңгеруі үшін оқушыларды оқу еңбегін қажетсінуге тәрбиелеп, оқыту принциптерін, әсіресе, оқушылар қызметі мен педагогикалық басшылық бірлігі принципін әрдайым сақтап отыруы шарт.

Жалпы оқу икемділіктері мен машықтарын қалыптастыру ісінде нәтижеге жетудің бір жолы – оқушылардың оқу еңбегін қажет етуі және соған оларды дайындау. Ал бұл қажеттілік олардың физиологиялық және психологиялық дамуының басты белгісі болып табылады. Оған тән қасиет – айнала қоршаған дүниеден әсер алу, білсем деген ұмтылыс. Бастауыш сынып оқушыларының осындай психологиялық ерекшеліктері жалпы оқу икемділіктері мен машықтарын меңгеруге қолайлы жағдай туғызады.

Мұғалім бастауыш сынып оқушыларының ерекшеліктерін ескеріп, оларда оқу еңбегіне деген тұрақты ынтаны қалыптастыратын тәсілдер мен жолдарды

табуы тиіс. Ол үшін ең алдымен оқушыларға оқу еңбегін тиімді пайдаланудың практикалық мәнін түсіндіруі керек.

Қазіргі жаңартылған бағдарлама бойынша оқулықтардың мазмұны баланың құбылыстарды теориялық тұрғыда ұғына білуіне, жекелеген психологиялық қызметке (есте сақтау, ойлау, елестету, қабылдау т.б.) жаттықтыратын әңгіме, ереже, жаттығулардан құралған. Алайда оқулықтар мен оқу құралдарында оқушылардың жалпы оқу икемділіктері мен машықтарын меңгеруіне бағыттайтын материалдар аз.

Тәжірибе жұмысы кезінде мұғалімдер оқу материалдарын кеңінен пайдаланып, шәкірттерді оқуға үйрететін әдіс-тәсілдерге үлкен мән береді. Мысалы, III сыныпта сабақ үстінде оқушылардың жалпы оқу икемділіктері мен машықтарын қалыптастыруға, атап айтқанда, сұраққа жауап беру, мәтінді бөліктерге бөлу, әңгіменің мазмұнын баяндай білу, оқулықты пайдалану, мәнерлеп оқу т.б. икемділіктерді меңгеруге көп көңіл бөлінеді. Оқу жылы басталар алдында мұғалім оқу материалын бағдарлама бойынша жеке тақырыптарға бөліп, мерзімін белгілейді. Сондай-ақ календарлық жоспарда оқушыларға жалпы оқу икемділіктері мен машықтарының қай сабақта және қашан, қандай жүйеде берілетінін белгілеу мүмкін болмайды.

Жоспарлауға кіріспес бұрын мұғалім сабақта іске асатын жұмыстың мазмұны мен құрылысын, мұғалім мен оқушы қызметінің бір ізділігін жүйелейді. Әр сабақтың және өтілетін тақырыптың жалпы мақсаты мен міндетін, көлемін, сабақ түрлерін, оқушылардың өз бетімен істейтін жұмыстарын дидактикалық құралдар мен үй тапсырмасының мөлшерін анықтай түседі. Осы аталған белгілер тақырыптық жоспарлау үлгісін жасаудың негізін құрайды.

Біз оқушылардың жалпы оқу икемділіктері мен машықтарын қалыптастыру үшін алдымен мұғалімдердің өздері бұл мәселені толық меңгеріп, орындау үлгісін көрсетуге даяр болу керектігіне көз жеткіздік. Осы мақсатта бастауыш сыныптарда әрбір пән бойынша бағдарламада жүзеге асырылуға тиісті ескертпелер және оны қалыптастыру мен дамыту жолдарына арналған нұсқау материал дайындалды. Мысалы, оқушыларды мұғалімнің айтқанын

жолдастарының жауабын, көркем әдебиет және ғылыми-көпшілік әдебиет мәтіндерін, ғаламтор-теледидар т.б. тыңдай білуге үйрету үшін мұғалімге бұл икемділіктің негізі – зейін екені түсіндіретін нұсқау материал ұсынылады.

Психологтардың айтуынша, зейін дегенміз ақыл-ой процесінің бағыты, тұрақталуын қамтамасыз ететін адамның ішкі белсенділігі. Зейіннің екі түрі болады: ерікті және еріксіз. Мұғалім алдында I-IV сынып оқушыларының «тыңдайтын болады!» деген мақсат қойылған ерікті зейінін қалыптастыру міндеті тұрады. Ерікті зейін қиындықты жеңе білуге бағытталған ерік күшін қажет етеді. Сонымен қатар, мұғалім бала зейіні мен ерік күшін, тұрақтылығын дамытуға көңіл бөлуге тиісті. Бала еркін қалыптастыру жеңіл жұмыстан ауырға қарайтындығы баланың көңіл күйіне, оқуға деген ынтасына байланысты қалыптасады. Сөйтіп, оқушы мен ұстаздың бірлескен қызметі арқасында тыңдау процесі нәтижелі болады. Әсерлі де тартымды өткізілген сабақ оқушылардың зейінін еріксіз баурап алады.

Қорытындылай келе, оқушылардың ақыл-ой белсенділігінің жеткіліксіздігі – олардың сабаққа зейін қоймауының негізгі себептерінің бірі. Осыған байланысты әрбір оқушылармен жеке жұмыс жаау мәселесі туындайды. Мұғалім оқушылардың сабақты тыңдай білу икемділігін жаттықтыру жұмысын бастамастан бұрын, олардың жұмыс ісиеу қабілетіне қарай үш топқа бөлінетіндігін есте сақтауы тиіс. Бірінші топқа зейіні тұрақты, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын, екінші топқа жұмыс істеу қабілеті орташа, үшінші топқа зейіні тұрақсыз оқушылар жатады, соңғылардың саны аз, белсенділігі де төмен. Сондықтан үшінші топтағы оқушыларға ерекше көңіл бөлінеді.

Әдебиеттер:

1. Рахметова С. Бастауыш сыныпта оқушылардың тілін дамыту. -Алматы, 1996.
2. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы, 2004